



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

«17» қаңтар 2023 ж.г.
Қызылорда қаласы

кезектен тыс 24 сессия

№ 173

город Кызылорда

**«Сыр жастары» Қызылорда облысының жастарына жеңілдетілген
ипотекалық несие беру бағдарламасын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілген «Сыр жастары» Қызылорда облысының жастарына жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихаты
төрағасының міндетін уақытша атқарушы**



Т. Жақыпбаев

000789

Т. Жақыпбаев

Т. Жақыпбаев

Қызылорда облыстық мәслихатының
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№ 173 шешімімен бекітілген

**«СЫР ЖАСТАРЫ»
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАСТАРЫНА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН
ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда қаласы, 2023 жыл.



**«СЫР ЖАСТАРЫ»
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАСТАРЫНА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН
ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

I. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ:

Бағдарлама атауы	•«Сыр жастары» Қызылорда облысының жастарына жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасы (ары қарай - Бағдарлама)
Әзірлеу үшін негіздеме	•«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; Қазақстан Республикасының жастарын қолдаудың 2021-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспары, Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі жол картасы
Бағдарламаны әзірлеуші мемлекеттік орган	•Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы(ары қарай – уәкілетті орган)
Бағдарламаны жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен мекемелер	•Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы; •Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы; •Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы; •«Отбасы банк» АҚ (келісім бойынша)
Бағдарламаның мақсаты	•Өңір жастарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету және жас отбасыларды қолдау.
Бағдарламаның мақсаты	1. Жұмыс істейтін жастар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыру. 2. Тұрғын үй құрылысын ынталандырудың жана тәсілдерін әзірлеу және оған қолданыстағы бағдарламаларда тұрғын үй мәселелерін интеграциялау. 3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін жаңғырту және дамыту саласындағы мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын шоғырландыру. 4. Барлық қаржыландыру көздері есебінен жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің Нысаналы индикаторын қалыптастыру және жыл сайынғы тұрғын үй беру көлемін ұлғайту
Қаржыландыру көзі мен көлемі	•Жергілікті бюджет есебінен, «Отбасы банк» АҚ. •1,2 млрд теңге жергілікті бюджеттен, 0,5 млрд «Отбасы банк» АҚ есебінен.

Қазақ

II. КІРІСПЕ

Жастар-халықтың әлеуметтік мәртебесінің жас ерекшеліктеріне, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметіне, нақты мүдделері мен құндылықтарына байланысты ерекшеленетін әлеуметтік-демографиялық белсенді топ.

Бүгінгі таңда Қазақстанның жастар саясатының қажетті ұйымдастырушылық функционалдық институттары құрылды, тиісті заңнамалық актілер қабылданды және осы салада белгілі бір даму тәжірибесі жинақталды. Мемлекеттік жастар саясатының қалыптасу кезеңі жүйелеу мен интеграциямен, үздік әлемдік тәжірибелермен, сондай-ақ қазақстандық жастарды шоғырландыру үшін жеке қолайлы тетіктерді әзірлеумен сипатталады.

Қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде тұрғын үй сатып алу үшін азаматтарды ипотекалық кредиттеудің түрлі құралдары («7-20-25», «Баспана-хит», «Әскери Баспана», «Бақытты отбасы», «Нұрлы жер», «Шаңырақ» 5-10-20 және т.б.) көзделген. Жалпы облыс бойынша тұрғын үй алуға кезекте тұрған жастардың жалпы саны – **7 244** (Қызылорда қаласында – 6 103, Арал ауданы – 63, Қазалы ауданы – 460, Қармақшы ауданы – 89, Жалағаш ауданы – 115, Сырдария ауданы – 63, Шиелі ауданы-278, Жанқорған ауданы – 73).

Жүргізілген социологиялық зерттеулерге сәйкес, «Отбасы банкі» АҚ арқылы 1 831 жас тұрғын үй алуға ниетті. Оның ішінде 128 (6,9%) жеке кәсіпкерлер, 395 (21,6%) мемлекеттік қызметшілер, 353 (19,3%) бюджеттік мекемелердің қызметкерлері, 139 (7,6%) жеке компаниялардың қызметкерлері, 108 (5,9%) сауда саласындағы қызметкерлер, 117 (6,4%) жұмыссыздар, 366 (19,9%) студенттер, 255 (12,4%) басқа жұмысшылар.

Бүгінде мемлекет жастарды қолдау үшін бірқатар шарттар мен шаралар әзірледі. Жастар ел халқының экономикалық белсенді бөлігі ретінде азаматтық жауапкершілікті және халықтың болашақ іргетасы екенін есте ұстайды. Жастардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз ету-осы міндеттің негізі.

III. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА ТАЛДАУ

Жастар арасындағы демографиялық ахуал

Облыс жастарының саны-176 985, бұл облыстың жалпы халқының 21,4% құрайды. Экономикалық белсенді жастардың саны -76 687 адам.

Қызылорда-64 217 (19,5%), Байқоңыр - 9158 (23,1%), Арал-18796 (22,9%), Қазалы - 17934 (22,7%), Қармақшы - 11766 (21,7%), Жалағаш-7873 (22,2%), Сырдария - 8570 (22,1%), Шиелі-18801 (22,3%), Жаңақорған - 19870 (22,9%).

Жастардың жалпы санының 73 476-сы (41,5%) қалаларда тұрады, ауылдық елді мекендерде 103 509 (58,5%).

2021 жылы түлектер саны 9325 құрады (3 ЖОО – 3455, ТжсКБ - 5870). Колледж түлектерінің 747-сі оқуын жалғастырып, 3548-і жұмысқа орналасты. 2021 жылы облыста отау құрған жігіттер саны - 4186 Жас (2020 жылы - 4313), әйелдер арасында - 4886 (2020 жылы - 4989), некенің бұзылуы ерлер арасында - 421 Жас (2020 жылы - 346), әйелдер арасында-685.

Есепті кезеңде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде 266 маманға 77,6 млн. теңге көлемінде көтерме жәрдемақы, 135 маманға тұрғын үй сатып алуға 587,4 млн теңге бөлінді.

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы

2022 жылдың II тоқсанында жастар жұмыссыздығының деңгейі 4,0% немесе 3035 адам (2021 жылғы II тоқсанда-4,2%) (республика бойынша 2022 жылдың II тоқсанындағы көрсеткіш- 3,8%, 2021 жылғы II тоқсанда - 3,7%).

NEET санатындағы жастардың үлесі (жұмыссыз, оқымайтын) 2022 жылдың II тоқсанында 7,9% немесе 12 752 адамды құрады (2021 жылдың II тоқсанында - 8,1%).

Есепті кезеңде 18 764 жас белсенді жұмыспен қамту шараларына тартылды. 2022 жылғы I қарашаға 3 994 жас жұмысқа орналастырылды, 178 – «Бірінші жұмыс орны» жобасы бойынша, 38 – «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша, 1 139-гранттар алды, 7 795 – «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқытылды, 150-әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді, 2 729 түлек жастар практикасына, 2 250 түлек ақылы қоғамдық жұмыстарға жіберілді.

2022 жылы «Жасыл ел» еңбек жасағына 127,6 млн теңге бөлініп, оған 1 876 жұмыссыз жас маусымдық жұмыстарға тартылды.

IV. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

Бағдарламаның мақсаты: өңір жастарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету және жас отбасыларды қолдау.

Бағдарламаның міндеттері: жұмыс істейтін жастар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыру. Тұрғын үй құрылысын ынталандырудың жаңа тәсілдерін әзірлеу және оған қолданыстағы бағдарламаларда тұрғын үй мәселелерін интеграциялау. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін жаңғырту және дамыту саласындағы мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын шоғырландыру. Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің Нысаналы индикаторын қалыптастыру және барлық қаржыландыру көздері есебінен жыл сайынғы тұрғын үйді іске қосу көлемін ұлғайту.

V. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЕРЕЖЕСІ МЕН ШАРТТАРЫ

5.1 Бағдарлама ережелері:

- Қарыздың ең жоғарғы суммасы –13-18 млн теңгеге дейін;
- Несиелеу мерзімі - 19 жыл;
- Пайыздық мөлшерлеме - 5%;
- Алғашқы жарна - 10% (Бастапқы жарна 10% (жеткілікті кепілмен қамтамасыз ету не жылжымайтын мүлік түріндегі қосымша кепіл не «Отбасы банк» АҚ депозиті болған кезде)
- Бастапқы тұрғын үй алу мүмкіндігі;
- Қамтылуы – 100-130адам.
- Өтініш пен құжаттарды ұсыну электронды түрде «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-нан алынған электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

5.2 Бағдарлама талаптары:

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы болуы;

2. Қатысушының жасы 35 жасқа дейін (*қоса алғанда*), өтініш берген күнге, жұбайының (*зайыбының*) жасына қарамастан (*болған жағдайда*). Бағдарламаның негізгі қатысушысы ретінде ерлі зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады;

3. Қатысушының соңғы 2 жылда Қызылорда облысында тұрақты тіркеуде болуы шарт, сонымен бірге ұсыным берген уақытта оның өзімен бірге тұратын отбасы мүшелерінің (*жары, кәмелетке толмаған балалары, т.б.*) де Қызылорда облысында тұрақты тіркеуі болуы тиіс.

4. Үміткерде және оның отбасы мүшелерінде меншік құқығындағы, сондай-ақ соңғы 5 жылда Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайларының қасақана нашарлату фактілерінің болмауы, отбасының басқа мүшелерінің ортақ бірлескен (*үлестік*) меншігін құрайтын үлестік меншіктегі үлесі немесе жалға берілетін тұрғын үйі болмауы, мыналарды қоспағанда: мемлекеттік бағдарламалар желісі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған: бағдарламаға қатысушы немесе отбасы мүшелері жекешелендіру немесе мұрагерлік құқығы нәтижесінде кәмелетке толғанға дейін сатып алған жылжымайтын мүлік;

5. Қатысушының ресми жұмыс өтілі мынадай санаттар бойынша кемінде 6 айды құрауы тиіс: Денсаулық сақтау, білім беру, бюджеттік сала, мәдениет, спорт, ЖОО және ҒЗИ, журналистер, әлеуметтік сала, Ұлттық холдингтер мен компаниялардың жергілікті филиалдары, екінші деңгейлі банктер, құрылыс, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласы (*Бағдарламаға қатысу үшін қатысушыларды іріктеу тәртібіне сәйкес санатты неғұрлым егжей-тегжейлі сипаттай отырып*).

6. Қосымша Қызылорда облысында тіркелген, кемінде бір жыл жұмыс істейтін ЖК (*егер бар болса*) (*бұл талап мәдениет және спорт саласының өзін-өзі жұмыспен қамтыған қатысушыларына ғана қолданылады*).

5.3 Бағдарламаға қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) белгіленген нысан бойынша жастарға жеңілдікпен несие беруге арналған электрондық өтініш (*бұдан әрі – өтініш*);

2) білімі туралы құжаттың сканерленген түрі;

3) жұмыс өтілі көрсетілген белгіленген үлгідегі фирмалық бланкідегі жұмыс орнынан анықтаманың сканерленген түрі;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек өтілін растайтын сканерленген құжаттар;

5) Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасынан сканерленген растайтын анықтамалар (*құжаттар*) (*бұл талап мәдениет саласындағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған қатысушыларға ғана қолданылады*).

Өтініш беруші осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, өтініш берушіге жок құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жіберіледі.

Өтініш беруші хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттардың толықтырылған пакетін ұсынады.

5.4 Бағдарламаға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу ережесі:

Кезектілікке сәйкес санаттар бойынша тізімге енгізу жинаған балдар санымен (*ең көп балл саны бойынша*) айқындалады. Жолдама уәкілетті органмен қатысушыға электронды түрде жіберіледі.

Несиені бөлу төмендегі санаттар бойынша (*салалар бойынша*) жүргізіледі:

1. **Денсаулық сақтау саласының қызметкерлері**, атап айтқанда: Қызылорда облысының облыстық, қалалық және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істейтін жоғары және орта буын медицина қызметкерлері.

2. **Білім беру саласының қызметкерлері**: тиісті жоғары және орта білімі бар Қызылорда облысының облыстық, қалалық және республикалық білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін педагог қызметкерлер.

3. **Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері**: мемлекеттік және азаматтық қызметшілер, мемлекеттік коммуналдық мекемелердің қызметкерлері.

4. **Мәдениет саласының қызметкерлері**: мәдениет саласындағы шығармашылық одақтың мүшелері, мәдениет саласындағы мекемелердің қызметкерлері. Сондай-ақ, Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы жанынан Жас өзін-өзі жұмыспен қамтыған композиторларды, жас музыканттарды, жас әртіс-актерлерді, жас кинематографистерді (*актерлер, режиссерлер, сценаристер, операторлар, продюсерлер, суретші-декораторлар*), жас жазушыларды, жас суретшілерді, жас қолөнершілерді, жас мүсіншілерді, жас дизайнерлерді, жас сәулетшілерді іріктеу үшін комиссия құрылады.

5. **Спорт саласының қызметкерлері**: Қызылорда облысының спорт саласындағы ұйымдарда еңбек етіп жүрген спортшылар мен жаттықтырушы-оқытушылар.

6. **Жоғары оқу орындары мен ҒЗИ қызметкерлері**: жоғары оқу орындарының, қалалық және республикалық ғылыми-зерттеу институттарының оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері.

7. **Журналистер**, атап айтқанда: тікелей өндірістік қызметпен айналысатын журналистер мен БАҚ қызметкерлері.

8. **Әлеуметтік сала қызметкерлері**, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлер.

9. «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысына сәйкес **Ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың қызметкерлері**, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың Қызылорда филиалының қызметкерлері;

10. **Екінші деңгейдегі банк филиалдарының қызметкерлері**.

11. Жұмыс өтілі көрсетілген жұмыс орнынан анықтама болған жағдайда **құрылыс, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласының қызметкерлері**. Жұмыс беруші анықтамамен бірге негізгі қызметіне қатысты тиісті рұқсат құжаттарын ұсынуы керек.

Өтініш берушілерде балл тең болған кезде өтінішті бірінші болып ұсынған қатысушы басымдыққа ие болады.

5.5 Құжаттарды қабылдау тәртібі

1. Уәкілетті орган Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес ашық және бәсекелестік ортада айқындалған өнім берушінің интернет-ресурсында (*бұдан әрі – Портал*) өтініштерді қабылдаудың басталу және аяқталу күнін көрсете отырып, өтініштерді қабылдау мерзімдері туралы хабарландыруды жариялайды.

2. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың толықтығын (*порталдың мемлекеттік дерекқорлармен интеграциясы арқылы*) олардың осы бағдарламаның 5.2 және 5.3-тармақтарына сәйкестігін тексереді.

Өтініш беруші осы бағдарламаның 5.2 және 5.3-тармақтарында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда өтініш берушіге жоқ құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы СМС-хабарлама жіберіледі.

Өтініш беруші СМС-хабарламаны алған күннен бастап 2 (*екі*) жұмыс күні ішінде порталдағы жеке кабинетте пысықтау функционалын пайдалана отырып, толықтырылған құжаттар топтамасын ұсынады.

Хабарламада көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда уәкілетті орган өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші осы бағдарламаның 5.2 және 5.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган СМС-хабарлама түрінде жолдама беруден бас тартады.

Өтініш берушіге жолдама беруден бас тарту туралы алдын ала хатқа сілтеме қоса берілген СМС-хабарлама жіберіледі.

Өтініш беруші бас тарту туралы алдын ала хатқа қарсылық оны алғаннан кейін 2 (*екі*) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде береді.

3. Осыдан кейін уәкілетті орган балдарды есептеуді жүргізеді және порталда ЭЦҚ – мен қол қойылатын Екінші деңгейдегі банкке төлем қабілеттілігін бағалаудан өтуге арналған жолдаманы (*бұдан әрі – жолдама*) қалыптастыра отырып, ең көп балл саны бойынша жеңілдікті кредит алуға үміткерлердің (*бұдан әрі-үміткер*) тізімін қалыптастырады. Өтініш берушілердің тізімі балдық жүйені ескере отырып (*ең көп балл саны бойынша*) санаттар (*саналар*) бойынша қалыптастырылады:

Балл есептеу

№	Өлшемі	Балл
1	Тіркелген некенің әр жылы үшін	1
2	1 (<i>бір</i>) баласы бар	1
3	Әр келесі бала үшін	2
4	Қызылорда облысының мекемелерінде әр жылдағы жұмыс өтіліне байланысты	1,5
5	Қызылорда облысында тұрғылықты жері бойынша әр жыл үшін	1
6	«Отбасы банкі» АҚ бастапқы 5% жарнасы бойынша	2

5.6 Төлем қабілеттілігін бағалаудан қалай өтуге болады

Жолдама немесе бас тарту Порталдағыжеке кабинетте беріледі. Жолдама алған өтініш берушілер 15 (*он бес*) жұмыс күні ішінде «Отбасы банк» АҚ кез келген сервистік орталығына құжат өткізуі қажет.

5.7 «Отбасы банк» АҚ-нда төлем қабілеттілігін бағалау үшін қажетті құжаттар тізімі.

«Отбасы банк» АҚ-ның ішкі ережесінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

5.9 Төлем қабілеттілігін бағалаудан кейінгі қосымша әрекеттер

Төлем қабілеттілігі рәсімінен өтпеген жағдайда уәкілетті орган Портал арқылы тізім бойынша келесі өтініш берушіге жолдама беруге құқылы.

VI. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жергілікті бюджетті бекіту немесе нақтылау кезінде нақтыланатын болады.

VII. ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Осы бағдарлама оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырады.